

**“ №2 Ақтау қалалық емханасы” ШЖҚ МКК қызметінде сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша  
Талдамалық анықтама**

Ақтау қаласы

«31» шілде 2024 жыл

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 19.10.2016 ж. № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі-үлгілік қағидалар) сәйкес “Ақтау қалалық №2 емханасы” ШЖҚ МКК (бұдан әрі-емхана) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

**Кіріспе бөлім**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді: “Ақтау қалалық емханасы” МККК директорының 24.06.2024 ж. № 109ө бұйрығы негізінде.

Жұмыс тобының дербес құрамы: “АПП-2” емханасының Директоры Ж. М. Байғожаевтың 2024 жылғы 24 маусымдағы №109 бұйрығымен айқындалған және емхананың мынадай қызметкерлерін қамтиды:

**Есболатова Б. Е.** - Директордың емдеу бөлімі бойынша орынбасары;  
**Наби Н. Б.** - Директордың сапа және ішкі аудит жөніндегі орынбасары;  
**Утеева Б. А.** - Директордың балалық және босандыру жөніндегі орынбасары;  
**Нурушева М. Б.** - жоспарлау-экономикалық бөлімінің басшысы;  
**Нұрғалиев Ж.Х.** - бас бухгалтер;  
**Ешбаев Р.Ш.** - заңгер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең: 2023 жыл.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңі: 2024-ші жылғы 1-ші шілдеден 31-ші шілдеге дейін.

**Сипаттама бөлігі**

“№2 Ақтау қалалық емханасының” қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер қағидалардың 8-ші тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- емхананың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- емхананың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жөніндегі жұмыс тобы өз қызметінде емхана басшылыққа алатын нормативтік-құқықтық актілер мен құқықтық актілерді зерделеді:

- "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020-шы жылғы 7-ші шілдедегі №360-VI кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2015-ші жылғы 23-ші қарашадағы №414V Еңбек кодексі;
- "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015-ші жылғы 4-ші желтоқсандағы №434-V Заңы;
- "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2024-ші жылғы 1-ші шілдедегі №104-VIII Заңы;
- "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ пен анықтама беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020-шы жылғы 18-ші қарашадағы №198 бұйрығы;
- "№2 Ақтау қалалық емханасының" жарғысы;
- "№2 Ақтау қалалық емханасының" ережесі;
- "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;
- "Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021-ші жылғы 24-ші тамыздағы №90 бұйрығы;
- "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлерін ынталандыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020-шы жылғы 15-ші желтоқсандағы №278 бұйрығы.

Жарғыға сәйкес емхана қызметінің мәні денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады. Қызметтің мақсаты Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау бағытында құқықтарын жүзеге асыру және олардың сақталу кепілдіктерін қамтамасыз ету болып табылады.

Кәсіпорынның алға қойған мақсатын іске асыру үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде бекітілген халыққа амбулаторлық-емханалық және стационарды алмастыратын нысанда алғашқы медициналық-санитарлық, біліктілік көмек көрсету;
- ақылы медициналық қызмет көрсету;
- диагностика, зертханалық диагностика;
- сараптамалық медициналық қызмет;
- фармацевтикалық қызмет;
- ғылымның жаңа жетістіктерін тәжірибеге енгізу бойынша тәжірибені зерделеу, қорыту және тарату;
- аурулардың алдын алуға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған қызметті жүзеге асыру.



Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында емхананың Жарғысы, емхана мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін таңдамалы құқықтық актілер талданды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бойынша жұмыс тобы 023 ж. – 31.12.2023 ж. кезеңінде қол қойылған негізгі қызмет бойынша бұйрықтарды зерделеу бойынша жұмыс жүргізді. Тексеру барысында кезекті демалысқа шығу күнін анықтауға қатысты бұзушылықтар анықталды. (бұйрықтар №121-нк., 69-жк, 68-жк).

Кәсіпорынның заңгері тұтастай алғанда оның құрылымдық бөлімшелері емханасының жұмысын басшылыққа алатын нормативтік құқықтық актілерді өзектендіреді.

Алайда, жұмыста нормативтік құқықтық актілерді уақытылы және тиісінше қолдану мақсатында тиісті өзгерістер көрсетіле отырып, емхананың мүдделі персоналының назарына жазбаша нысанда жеткізілмейді.

**Тәуекелдер:** Емхананың қызметіне қатысты, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жасауға ықпал ететін НҚА-дағы дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды уақытылы анықтамау.

### **1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау.**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 21-ші бабының 1-ші тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, еңбек қатынастары қызметкер мен жұмыс беруші арасында осы Кодекске сәйкес жасалатын еңбек шарты негізінде туындайды.

СЖПТ өткізу кезінде емхананың штат саны- 631 қызметкерді құрады, нақты саны - 411 қызметкерді құрады, оның ішінде дәрігерлердің саны – 80, орта медицина қызметкерлерінің саны– 110, өзге де қызметкерлердің саны– 30 қызметкерді құрады.

2023-ші жылы 146 қызметкер жұмысқа қабылданды, 147 қызметкер өз еркімен жұмыстан босатылды, Еңбек кодексіне сәйкес теріс себептермен жұмыстан босатылған жоқ.

Бұл ретте кадр қызметі жұмыстан босатылатын қызметкерлерге сауалнама жүргізбейді. Айта кету керек, жұмыс тобы кадрларының айналым пайызы өте жоғары және жұмыс тобы кадрлардың айналымына сапалық және сандық жағынан талдау жүргізуді ұсынады, сонымен бірге себептерін, себептері мен факторларын анықтауды ұсынады.

2023-ші жылдың 12 айы аралығында қызметкерлерді өздерінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту фактілері бар. Барлығы 54 қызметкер жауапкершілікке тартылды, оның ішінде дәрігерлердің саны- 34, орта медициналық персоналдардың саны – 18, өзге де персоналдардың саны - 2.

Тәртіптік жазасы әлі бітпеген қызметкерлерге сыйақы беру фактілері жоқ. Теріс себептер бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және өзге де тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін жұмыстан босату фактілері анықталған жоқ.

Бүгінгі күнге дейін кандидаттарды бастапқы іріктеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ емханада кадрларды іріктеу және орналастыру үшін кадр қызметінің жауапты қызметкері жоқ.

Емхананың ресми сайтында <http://www.agp-2.kz> мемлекеттік және орыс тілдерінде бос лауазымдар конкурсын өткізу туралы хабарландыру орналастырылмаған.

**Анықтама:** конкурс өткізу туралы хабарландыруда медицина персоналы мен емхана қызметкерлерінің бос лауазымының атауы, құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні мен уақыты, конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі біліктілік талаптары, сондай-ақ конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі қамтылады.

Емхананың персоналды басқару бөліміне келіп түскен барлық түйіндемелер кандидаттардың қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қаралады және персоналды іріктеу өтінімінде көрсетілген, мәлімделген біліктілік белгілері бойынша Персоналды басқару бөлімі таңдайды. Сұхбаттасу басталар алдында кандидат барлық қажетті сауалнамаларды толтырады, түйіндемелерді, білімі туралы құжаттарды және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес басқа да құжаттарды ұсынады.

Осыдан кейін үміткермен алғашқы сұхбаттасу өткізіледі, онда түйіндемеді берілген ақпарат нақтыланады. Іріктелген кандидаттар құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен алғашқы сұхбаттасудан өтеді.

Құрылымдық бөлімшенің басшысы кандидат туралы мәліметтерді зерделегеннен кейін кадр қызметінің қызметкері ұсынылған кандидатты жұмысқа шақыру туралы келісім береді.

Персоналмен жұмыс жөніндегі ішкі актілерге жүргізілген талдау қызметкерлерді аттестаттау туралы ереже, кадр резерві туралы ереже, әзірленуге жататын зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарға уақытша жіберу тәртібі туралы ереже сияқты **ішкі актілердің жоқтығын көрсетті.**

Талдау жүргізу кезінде жұмыс тобы директордың, бухгалтердің, директордың орынбасарларының, мемлекеттік сатып алу қызметкерінің, экономисттің, заңгердің лауазымдық нұсқаулықтарын зерделеді. Бөлімше қызметін жүзеге асыру процесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою жөніндегі жұмысты тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік айқындалмаған. Сондай-ақ, лауазымдық нұсқаулықтарда сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша комплаенс офицерімен өзара іс-әрекет тіркелмеген.

**Тәуекелдер:** Жұмыс тобы бұл фактілерді сыбайлас жемқорлық факторлары тұрғысынан қарады. Осы кемшіліктерді ескере отырып, біз лауазымдық нұсқаулықта заңды олқылықтың болуын бағалай аламыз. Талаптарды сақтамағаны үшін емхана басшылығының жауапкершілігін белгілейтін жоғарыда аталған ережелердің болмауы, сыбайлас жемқорлыққа



қарсы іс-қимылға бағытталған барлық шараларды іске асырудың формалды тәсіліне әкелуі мүмкін.

## **2. Мүдделер қақтығысын реттеу**

Тексеру кезеңінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Жақын туыстары атқаратын лауазымға тікелей бағынатын бос лауазымдарға орналасу кезінде қосылу фактілері анықталған жоқ.

## **3. Мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету**

Емхана мемлекеттік қызметтің келесі түрлерін көрсетеді:

- "Дәрігерді үйге шақыру";
- "Дәрігерге жазылу";
- "АМСК көрсететін медициналық ұйымға тіркелу";
- "Психиатрия" психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер беру";
- "Наркология" психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер беру";
- "АМСК көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру";
- "Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру";
- "Ағзалардың (органның бір бөлігінің) және (немесе) тіңдердің (тіңдердің бір бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына өмір бойы бас тартуды немесе келісімді тіркеу";
- "Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту";
- "Жедел медициналық көмекке шақыру";
- "Емделушілерге ауруханаға жатқызу бюросының порталы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде стационарға емдеуге жатқызуға жолдама беру";
- "Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы анықтама беру";
- "Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, мамандандырылған емдік өнімдерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды беру";
- "Шипажайда емделуге қажеттілік туралы қорытынды беру".

01.01.2023 ж.- 31.12.2023 ж. дейінгі кезеңде- **625553** Мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Емхана мемлекеттік қызмет көрсетудегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында бұзушылықтар анықталған жоқ.

## **4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру**

Жарғыға сәйкес емханаға рұқсат беру функциялары берілмеген.

## **5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру**

Жарғыға сәйкес емханаға бақылау-тексеру функциялары берілмеген.

## **6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу**

Кәсіпорынның қызметі бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге бағытталмаған. Жарғыға сәйкес, кәсіпорынның қызметі даму

жоспарына сәйкес өзінің кірісі мен бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады. Сонымен қатар, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде бекітілген халыққа көрсетілетін қызметтер үшін кәсіпорынға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражатынан сомалар төленеді. Ол үшін кәсіпорын мен Қор арасында медициналық қызметтерді сатып алу шарттары жасалды, олардың негізінде кәсіпорын сатып алу шарттары күшіне енген сәттен бастап қосылу шартында белгіленген жағдайларда шарттық қатынастарға түседі.

2023-ші жылы № 2 Ақтау қалалық емханасына Мемлекеттік сатып алу порталында қазіргі уақытта толық көлемде орындалған 231 шарт жасалды. 2023-ші жылдың қараша айында ГМ77 (ТО) мекемесінде 8 000 120,00 сомасына ағымдағы жөндеу бойынша тапсырысты орындаушы болып ЖШС "Жанерке" мекемесі таңдалды. Шарт негізінде аталған жөндеу жұмыстары толығымен аяқталып, 2023-ші жылғы желтоқсанның 3-ші онкүндігінде тапсырылуы тиіс еді. Алайда жоспарланған мерзімге жұмыс толық емес орындалды. Сондықтан кәсіпорын өз тарапынан заң аясында сотқа жүгінуге мәжбүр болды. Жеткізуші бұл жұмысты 2024-ші жылдың ақпанында аяқтады. Сот шешімінің негізінде аталған жөндеу жұмыстары үшін тапсырудың мерзімі өткен күндерін шегергенде толық есеп жүргізілді. Сотқа өтініш уақытылы берілмеген жағдайда, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің пайда болу қаупі болжанған.

#### **7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу**

Емхана мемлекеттік сатып алуды "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген бекітілген жоспарға сәйкес веб-портал арқылы жүргізеді.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде баға ұсыныстарын сұрату және ашық конкурсы сияқты конкурстық тәсілдер басым пайдаланылады, қажет болған жағдайда өткізілмеген сатып алу бойынша Мемлекеттік сатып алу рәсімдері өткізілгеннен кейін ТЖҚ сатып алу бір көзден жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу процесінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру мақсатында электрондық мемлекеттік сатып алу енгізілді, онда сатып алудың барлық негізгі рәсімдері автоматтандырылды және адами факторлар жоқ.

#### **8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.**

Емхана Ақпараттық жүйелерді әзірлемейді, бірақ DatuMed кешенді медициналық ақпараттық жүйесі (КМАЖ), салық төлеуші кабинеті сияқты мамандандырылған ақпараттық жүйелерді пайдаланады [salyk.kz](http://salyk.kz), [egov.kz](http://egov.kz), [goszakup.gov.kz](http://goszakup.gov.kz), [eisz.kz](http://eisz.kz), "амбулаттық-емханалық көмек" порталы (АЕК), медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі (МҚСБЖ), "стационарлардың электрондық тіркелімі" порталы "АМСК тарифіне



қосымша компонент "порталы (КНҰК)," емдеуге жатқызу бюросы" порталы (БР)," ресурстарды басқару жүйесі "(РБЖ).

Мәселен, емханада КНҰК желісі бойынша ынталандырушы жалақыны бөлу жөніндегі комиссия бар, онда төраға емдеу бөлімі бойынша орынбасары болып табылады, ал комиссия мүшелері құрылымдық бөлімшелердің меңгерушілері, кадр бастығы болып табылады. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде іс-шаралар кешенін көрсетуге қатысатын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы" ҚР ДСМ және ӘД-дың 15.12.2020-шы жылғы № 278 бұйрығына сәйкес ынталандырушы жалақы ішкі ережеге сәйкес, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде 8 индикатор бойынша ҚҚҰК бағдарламалық кешенінде автоматтандырылған режимде түпкілікті нәтиже индикаторларына қол жеткізу. Ережеге сәйкес Комиссияның шешімі бойынша біліктілікті арттыруға 5% шегергендегі КНҰК сомасының 95% -ы бөлінді. Негізгі персонал: жалпы практика бөлімшесінің дәрігерлері мен медбикелеріне, акушер – гинекологтар мен акушерлерге, әлеуметтік қызметкерлер мен психологқа-80%, қосымша персоналға: меңгеруші жалпы практика бөлімшесінің мейірбикелеріне, меңгерушісі акушер - гинекология бөлімшесінің акушері, профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің дәрігерлері мен медбикелеріне, оның ішінде мектеп дәрігерлері мен медбикелеріне -20%.

ҚР ДСМ және ӘД-дың 15.12.2020-шы жылғы № 278 "тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде іс-шаралар кешенін көрсетуге қатысатын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлерін ынталандыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығының №1 қосымшасына сәйкес қаралып отырған кезеңде КНҰК жүргізілмейді:

\* Оның қарастырылып отырған кезең үшін алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде, бірақ егер де ол қолданылған сәттен бастап 2 айдан аспайтын мерзімде болса;

\* Тиісті АМСК субъектінде бір айдан аз жұмыс істеген (мерзімі жоқ дәрігерлерге);

\* Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын (жалақысы сақталмайтын демалыс, оқу демалысы, оның ішінде біліктілігін арттыру, іс-сапар, жүктілікке және баланың туылуына байланысты демалыс) қоспағанда, ҚР-ның еңбек заңнамасына сәйкес демалыста болған кезде күнтізбелік 14 күннен артық; Уақытша еңбекке жарамсыздық кезінде 14 күнтізбелік күннен артық;

\* Есепті кезең аяқталғанға дейін жұмыстан босатылған кезде.

Комиссия шешімдеріне сәйкес пайда болған үнемдеу көрсеткіштерді анықтағаны үшін, сондай-ақ кеңейтілген жұмыс көлемі үшін медициналық персоналды ынталандыру түрінде бөлінеді.

Жұмыс тобы талдау жүргізген кезде 2023-ші жылғы КНҰК барлық хаттамалары зерделенді, төменде көрсетілген бұзушылықтар анықталды:

2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) сараланған қосымша ақы түрінде қаражатты үнемдеу есебінен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлерін ынталандыру тәртібі.

9. Сараланған қосымша ақы түрінде қаражатты үнемдеу есебінен денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлерін көтермелеу осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес бекітілген Денсаулық сақтау субъектісінің медицина қызметкерлерінің қызметін бағалау өлшем шарттары негізінде жүзеге асырылады.

10. Медицина қызметкерлеріне сараланған қосымша ақы төлеу туралы шешімді комиссия осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көтермелеу туралы ұсыным негізінде есепті кезеңнен кейінгі айда қабылдайды.

3-тарау. Кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компонентінің қаражаты есебінен алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлерін ынталандыру тәртібі.

20. АМСК қызметкерлеріне КНҰК сомасын бөлу осы Қағидаларға 4 – қосымшада көзделген АМСК субъектісі қызметінің түпкілікті нәтижесі индикаторларының мәндеріне әсер ететін түпкілікті нәтиже индикаторларына және процесс индикаторларына қол жеткізудегі АМСК қызметкерінің салымына байланысты комиссия шешімінің негізінде ай сайын жүзеге асырылады.

Процесс индикаторлары комиссиямен және пациентті қолдау және ішкі бақылау (аудит) қызметімен келісу бойынша АМСК субъектісі басшысының шешімімен амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар үшін медициналық қызметтер сапасын бағалау индикаторларымен толықтырылады, олар Кодекстің 35-бабының 5-тармағына сәйкес бекітілген медициналық қызметтер сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында айқындалады.

24. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыну түрінде түпкілікті нәтиже индикаторларына қол жеткізгені үшін бөлімше менеджеріне ынталандыру туралы ұсынымды Пациентті қолдау және ішкі бақылау (аудит) қызметінің басшысымен келісім бойынша АМСК субъектісінің басшысы қалыптастырады.

Жоғарыда аталған барлық тармақтар бойынша жүйелі барлық отбасылық денсаулық орталықтарында бұзушылықтар болды, сондай-ақ сол қызметкерлерді ынталандыру атап өтіледі, негізсіз, салыстырмалы түрде, барлық кезеңде профилактикалық бөлімшенің қызметкерлерін ынталандыру болған жоқ. Бұйрық талаптарын сақтамау, индикаторлар бойынша ішкі аудит хаттамасының болмауы комиссия жұмысының тұтастай құзыреттілігіне күмән туғызады, ал хаттаманы ресімдеу ресми болып табылады.

#### **9. Емхана қызметкерлері арасында сауалнама жүргізу**



Комплаенс емханасы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейін зерделеу мақсатында офицер емхана қызметкерлеріне анонимді сауалнама жүргізді.

Респонденттер санаты: кіші медициналық персонал, орта медициналық персонал, дәрігерлік персонал.

Сауалнамаларды талдау барысында респонденттердің **87%** - ы сыбайлас жемқорлық қоғамды ыдыратады және пара беруден аулақ болу керек деп санайды. Сауалнамаға қатысқандардың **69,5%** - ы емхана басшылығы пара алмайды деп санайды, ал **30,4%** - ына жауап беру қиынға соқты, 1 пайыз респондент емхана басшылығының көпшілігі пара алады деп санайды. Сауалнамаға қатысқандардың **100%** - ы соңғы 2 жылда емханада сыбайлас жемқорлық жағдайына тап болған жоқ. Бұл ретте, сауалнамаға қатысқандардың **8,7%** - ы соңғы 2 жылда емханада сыбайлас жемқорлық жағдайлары немесе сыбайлас жемқорлыққа әкеп соғуы мүмкін жағдайлар туралы естіген.

Сауалнамаға қатысқандардың **13,8%** - ы егер олардан пара талап етілсе немесе сыбайлас жемқорлық жағдайы туралы білсе, емханада кімге жүгіну керектігін білмейді. Қалған респонденттер басшылыққа және комплаенс-офицерге жүгінер еді.

2023-ші жылы емхана қызметінде сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

2023-ші жылы **165** өтініш келіп түсті, оның ішінде **70-і** алғыс, бұл **42,6%**-ды құрайды. Call-орталық бойынша **715** өтініш, халықтың шағымдануына байланысты **74** өтініш болды.

Бұдан басқа, "№2 Ақтау қалалық емханасы" ШЖҚ МКК қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын күшейту бойынша тұрақты және мақсатты жұмыс жүргізілуде.

"№2 Ақтау қалалық емханасы" ШЖҚ МКК-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы іске асыруға бағытталған ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар жоспары бекітілді.

Кәсіпорынның сайтына "біз туралы" - "Комплаенс офицер бөлімінде" Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы "Қазақстан Республикасының Заңы, ҚР-ның 2015-2025-ші жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, 2023-ші жылға арналған талдамалық анықтама орналастырылған, қызметкерлер тарапынан бұзушылықтарға жол бермеу және пациенттер тарапынан шағымдарды жою мақсатында тұрақты жүйелі жұмыс жүргізіледі.

Әр қабаттағы және бөлімшелердегі пациенттер мен бөлімше қызметкерлерінің өтініштері үшін жәшік арқылы шағымдар мен ұсыныстар беру үшін азаматтармен байланыс арнасы ұйымдастырылды.

Емхана директорының бұйрығымен өтініштер мен шағымдарды алу бойынша жауапты тұлғалар, алу мерзімдері, шағымдар мен өтініштерді қарау мерзімдері, жәшіктердің кілттері медициналық қызметтердің сапасын бақылау бөлімінің жауапты тұлғасында болады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде тиімділікті арттыру мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу бойынша СЖТТ жұмыс тобы келесілерді жүргізуге кеңес береді:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицерге, егер олар сыбайлас жемқорлық фактілеріне тап болса, емхана қызметкерлерінің іс-әрекеттері туралы түсіндіру жұмыстарын күшейту.
2. Емхананың заңгері ішкі нормативтік құқықтық актілерге түгендеу жүргізіп, жаңа талаптар мен міндеттерге сәйкес қайта өңдеуге және бекітуге жататын полилиника актілерінің тізбесін Жасасын. Персоналды басқарумен (кадрлар бөлімімен) бірлесіп, жеке құрам бойынша НҚА сәйкестігіне барлық бұйрықтарды мұқият зерделеу.
3. Пациенттерді қолдау қызметі және емхананың ішкі сараптамасы тарапынан құрылымдық бөлімшелердің қызметіне бақылау функцияларын арттыру:
  - 1) пациенттердің, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының келіп түскен шағымдарының сапасын арттыру және оларға жедел ден қою;
  - 2) келіп түскен өтініштерді қарау мерзімдерін сақтау және бастамашының негізделген, жан-жақты және объективті жауап жіберуі;
  - 3) медициналық қызмет бағыттары бойынша дәрігер-сарапшылардың ҚР Денсаулық сақтау министрінің күнделікті қызметтегі медицина қызметкерлері тарапынан негіз қалаушы бұйрықтарының бұзылуын анықтау, алдын алу және алдын алу жөніндегі жұмысын жандандыруға міндетті.
4. Мемлекеттік сатып алу маманы азаматтық-құқықтық шарттар мен мемлекеттік сатып алу шарттарын жасасу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларының және адал бәсекелестік қағидаттарының қатаң сақталуын қамтамасыз етсін. Емхананың Мемлекеттік сатып алу регламентіне ішкі талдау жасау.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерге Мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын адамдарға және материалдық жауапты адамдарға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік шаралары туралы жүйелі түсіндіруді жалғастыру.
6. Емхананың барлық қызметтерін, оның ішінде ақылы қызметтерді көрсету туралы ақпаратты сайтта уақтылы орналастыруды қамтамасыз ету.
7. Емхана директорына қызметкерлер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін назарға алу ұсынылды.
8. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдары бар талдамалық анықтама сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына қарау және шаралар қабылдау үшін енгізіледі. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданатын) шаралар туралы ақпарат сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің интернет-ресурсында/сайтында орналастырылады.

СЖТТ жұмыс тобының үйлестірушісі:




СЖТІТ жұмыс тобының үйлестірушісі:  
Комплаенс офицер



Төлеу А.Б.


Жұмыс тобының мүшелері:

Есболатова Б.Е. 

Наби Н.Б. 

Утеева Б.А. 

Нурушева М.Б. 

Нургалиев Ж.Х. 

Ешбаев Р.Ш. 

КЕЛІСІЛДІ:

"№2 Ақтау қалалық емханасы" ШЖҚ МКК директоры

 Байгожаев Ж.М.

«      »      2024 жыл